Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің
2020 жылғы «21» желтоқсан
№ 341 қаулысымен бекітілді

"ҚАЗАҚСТАН АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ" МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ СОЛТҮСТІК
ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНЫҢ
ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ
2021 ж. "08" қаңтар
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 131140003284
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ
2013 ж. "05" ақпан

**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының**

# ЖАРҒЫСЫ

Петропавл қ. 2020 жыл

## 1. Жалпы ережелер

1. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласы әкімдігінің 2013 жылғы "24" қазандағы № 1994 қаулысына сәйкес құрылды.

3. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты» кәсіпорынның құрылтайшысы, (одан әрі- құрылтайшы) болып табылады.

Құрылтайшының мекен-жайы:
150011
Қазақстан Республикасы
Солтүстік Қазақстан облысы
Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 58
БСН 950540000460

4. Кәсіпорын мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (одан әрі - мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті орган, жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Петропавл қаласы білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (одан әрі – салаға сәйкес келетін уәкілетті орган, жергілікті атқарушы орган) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

Мемлекеттік тілде –"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Орыс тілінде – Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли – сад «Алпамыс» коммунального государственного учреждения «Отдел образования города Петропавловска» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области».

7. Кәсіпорынның орналасқан жері:
150009
Қазақстан Республикасы
Солтүстік Қазақстан облысы
Петропавл қаласы, Айыртау көшесі, 6.

## 2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны жергілікті атқарушы органның келісімімен басқа заңды тұлға құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

## 3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні мемлекеттік тілде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында білім беру қызметі болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты:

1) мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтау және нығайту, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына баулу;

2) тәрбиеленушілердің интеллектуалды және жеке дамуын қамтамасыз ету, олардың қызығушылықтарын қанағаттандыру, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу негізінде қабілеттерін дамыту;

3) мектеп жасына дейінгі балаларда басымшылдық, зерделік пен шығармашылықта өзін таныта білуін дамыту;

4) балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, мектепалды дайындықтың білім беру бағдарламаларын меңгеруі үшін жағдай жасау;

5) тәрбиеленушілердің ата-аналармен өзара әрекеттесу;

6) мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелейтін отбасыларға әдістемелік, диагностикалық және консультациялық көмек беруді ұйымдастыру;

7) алғашқы (дәрігерлікке дейінгі) медициналық-санитарлық көмек көрсету болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) ерте және мектепке дейінгі тәрбие және оқыту;

2) қосымша білім беру, соның ішінде қосымша ақылы білім беру қызметі және сауықтыру сипаттамасын.

15. Кәсіпорын осы жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына жауап бермейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен белгілі шектелген қызмет мақсаттарына қайшы немесе басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасалған мәміле, тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органының) немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Басшының кәсіпорынмен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеліп соғады.

## 4. Жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының тізбесі

18. Кәсіпорын 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналған бөбекжай-бақшасы жалпы дамытатын үлгіде.

19. Кәсіпорын ерте және мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларын, сондай-ақ қосымша білім бағдарламалары мен сауықтыру қызметін ата-аналармен келісе отырып іске асырады. (әрі қарай - қосымша ақылы білім беру және сауықтыру қызметі)

20. Кәсіпорынның жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, сондай-ақ қосымша білім бағдарламалары мектеп жасына дейінгі балалар үшін ерекше қызмет түрлері ескерілуімен мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленеді.

21. Кәсіпорынның жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білім және сауықтыру бағдарламалары бағытталған:

1) оқытудың күтілетін нәтижелер түрде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту міндеттерін ескере отырып сабақтастық пен үздіксіз қағидаттарын қамтамасыз ету;

3) мектепке дейінгі жастағы тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктер жасау;

4) қимыл- қозғалыс, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білімдерді, машықтар мен дағдыларды, өз бетінше оқу дағдыларын, оның ішінде ерте жастағы балаларды қалыптастыру;

5) тәрбие мен оқытудың психологиялық- педагогикалық жағдайларын жасау;

6) тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметіне дайындықты қамту;

7) "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде Ұлттық дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру;

8) креативтілік, коммуникабельдікті, сыни тұрғыда ойлау мен топтық өзара әрекеттесуді үйренуге дамытуға бағытталған әлеуметтік - жеке қасиеттерді қалыптастыру.

22. Жалпы білім беру оқу бағдарламасының мазмұны Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

## 5. Тәрбиеленушілерді қабылдау және шығару тәртібі

23. Кәсіпорынға екі жастан алты жасқа дейінгі балалар қабылданады.

Электрондық бағыттарды қабылдау, беру, реттік есепке алу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

24. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды мектепке дейінгі ұйымға инклюзивті білім беру жағдайында қабылдауға жол беріледі.

25. Топтарда бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы қағидат бойынша жинақталады.

26. Балаларды тұрақты және уақытша болуға қабылдау жыл бойы бос орындар болған жағдайда жүргізіледі.

27. Тәрбиеленушінің мектепке дейінгі ұйымдағы орны келесі жағдайларда сақталады:

1) тәрбиеленушілердің денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарында және өзге де ұйымдарда науқастануы, емделуі, сауықтырылуы, түзетілуі және оңалтылуы (көрсетілім бойынша анықтама, қорытынды ұсынған кезде);

2) тәрбиеленушінің ата-анасының бірінің немесе заңды өкілінің тәрбиеленушіні жылына екі айға дейінгі мерзімге демалысқа немесе сауықтыруға жазбаша өтініші берілген кезде;

3) елді мекенде енгізілген төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар) кезеңінде;

28. Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі арасындағы шарттың талаптарын бұзған жағдайда;

2) тәрбиеленуші дәлелді себептерсіз және әкімшілікке ескертусіз бір айдан астам уақыт бөбекжай-балабақшаға келмеген жағдайда;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның бөбекжайда болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда жол берілмейді.

29. Кәсіпорында баланы қабылдау үшін кіру жарнасын, сондай-ақ баланың ұзақ уақыт болмауы немесе сабаққа қатыспауы жағдайында орын сақтау үшін ақы алуға жол берілмейді.

## 6. Білім беру үрдісін ұйымдастыру тәртібі

30. Кәсіпорын күндізгі 10,5 сағаттық, 5 күндік күн тәртібімен, сағат

$8^{00}$- $18^{30}$ жұмыс жасайтын мектепке дейінгі білім мекемесі болып табылады.

31. Кәсіпорында тәрбие-білім үрдісі мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартының негізінде әзірленген бағдарламалар мен оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады және Кәсіпорын Жарғысымен белгіленеді.

32. Кәсіпорын:

1) оның Жарғысымен белгіленетін функциялардың орындалуын;

2) білім бағдарламаларының толық көлемде іске асырылуын;

3) білім үрдісін ұйымдастырудың қолданылатын түрлері, әдісі мен құралдары балалардың жас, психофизиологиялық ерекшеліктері, бейімдері, қабілеттері, қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сай қолданыуын;

4) кәсіпорын балалар және қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қорғалуын қамтамасыз етеді.

33. Кәсіпорын мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуін және дамуын қамтамасыз етеді.

34. Кәсіпорын тәрбие-білім үрдісінің (бала тұлғасының шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік және салауатты өмір салты негіздерін қалыптастыру) тиімділігін қамтамасыз ету үшін педагогтарға мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие және оқыту стандарт талаптарын сақтап, балама авторлық бағдарламаларды таңдау, қолдану, тәрбиелеу, оқыту мен сауықтырудың жаңа технологияларын енгізу құқығын береді.

35. Кәсіпорын жүзеге асыратын білім және тәрбие жұмысын жоспарлау және есепке алу білім және тәрбие үрдісін ұйымдастырудың негізі болып табылады. Жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақытында және сапалы орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. Кәсіпорынның оқу және тәрбие жұмысын жоспарлау оқу-тәрбие үрдісі кестесін оқу жылына бекіту және теориялық және машық сабақтарды жазу арқылы жүзеге асырылады.

36. Тәрбие-білім міндеттерін тиімді шешу үшін Кәсіпорында педагогикалық кеңес құрылады.

37. Тәрбие-білім үрдісін қамтамасыз ету уақытында әр балаға:

1) оның өмірі мен денсаулығының сақталуына;

2) оның абыройының қорғалуына;

3) барлық физикалық, моральдық немесе психикалық күш көрсету амалдарынан қорғалуына;

4) оның шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығының дамуына;

5) дамуында бар кемшіліктердің алдын алу және түзетуде білікті көмек алуына;

6) оның бейімі, қабілеті, тілегі мен денсаулық жағдайына қарай қосымша білім, сауықтыру қызметтерін алуына кепіл беріледі.

38. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты физикалық, моральдық және психикалық күш әдістерін қолдануға жол берілмейді.

39. Кәсіпорын балаларды мектепке дейінгі мекеме штатына кіретін

медициналық қызметкермен жүзеге асырылатын тұрақты медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етеді. Кәсіпорында балалар мен қызметкерлерге алғашқы (дәрігерлікке дейінгі) медициналық-санитарлық көмек көрсетіледі.

40. Кәсіпорын балалардың Қазақстан Республикасының заңнасымен белгіленген азық-түлікті тұтыну нормаларына сәйкес теңгерімді тамақтануын қамтамасыз етеді.

Төрт рет тамақтану режимі жүзеге асырылады.

41. Отбасы мен балаға әлеуметтік-педагогикалық көмек беру мақсатында Кәсіпорын консультациялық пункт жұмысын қамтамасыз етеді. Оның жұмыс тәртібі кәсіпорын басшысының бұйрығымен белгіленеді.

## 7. Педагогикалық қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері

42. Педагогикалық қызметкерлердің құқықтары мен міндеттерін анықтайды: "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы, Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексі, "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын беуіту туралы", кәсіпорын Ережесі мен ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен белгіленеді.

43. Педагогикалық қызметкер:

1) кәсіби қызметке жағдай жасалумен педагогикалық қызметпен айналысуға;

2) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименталды жұмыспен айналысуға, педагогикалық тәжірибеге жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

3) жеке педагогикалық қызметке;

4) білім берудің тиісті деңгейіне сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарын сақтау жағдайында педагогикалық қызметті ұйымдастырудың амалдары мен түрлерін еркін таңдауға;

5) Білім беру ұйымдарын басқаратын алқалық органдарының жұмысына қатысуға;

6) ұзақтығы төрт айдан аспайтын бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға;

7) мерзімінен бұрын санатын арттыру аттестациясынан өтуге;

8) педагогикалық қызметіндегі табыстары үшін мемлекеттік награда, құрметті атақ, сыйақы мен атаулы стипендия түрінде моральді және материалдық көтермелеуге;

9) өз кәсіби абыройы мен намысын қорғауға;

10) педагогикалық өтілі сақталуымен, ғылыми және шығармашылық қызметпен айналысу үшін әлеуметтік демалысқа;

11) педагог өтілін сақталуымен ғылыми оқуларына шығармашылық демалыс алуға;

12) білім ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдері жөнінде

шағымдануға құқылы.

13) Тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе олардың орнын ауыстырушы заңды тұлғалар тарапынан ар-намысы мен абыройын қадірлеуге құқылы.

44. Педагогикалық қызметкер:

1) өз кәсіби құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білім мен дағдыларға ие болуға;

2) мемлекеттік жалпы білім стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;

3) оқушыларды рухани - адамгершілікке, ата-ананы құрметтеуге, этномәдениетті құндылықтарды қадірлеуге, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға;

4) балаларды өмірлік дағдыларға, құзыреттілікке, дербестікке, шығармашылық қабілеттілікке;

5) әрдайым өз кәсіби шеберлігін, интеллекталды, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіруге;

6) бес жылда кемінде бір рет аттестаттаудан өтуге;

7) педагогикалық этика талаптарын сақтауға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жыл сайын медициналық тексерістен өтуге;

9) оқушылардың және олардың ата-аналарының ар-намысы мен абыройын қадірлеуге міндетті.

45. Педагогикалық этика міндеттері мен нормаларын бұзғаны үшін педагогикалық қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

46. Педагогикалық қызметкерді Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленгенінен басқа жағдайларда өзінің кәсіби міндеттерін орындаумен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға жол берілмейді.

47. Білім ұйымдарындағы жұмысқа сот үкімі немесе медициналық тұжырымдамамен педагогикалық қызметпен айналасуға тыйым салынған, сондай-ақ заңмен белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе кешірілмеген сотталғандығы бар тұлғалар жіберілмейді.

48. Педагогикалық қызметкерлерге оқу үрдісін саяси үгіттеу, діни насихат немесе оқушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы әрекеттер жасауға итермелеу мақсатында пайдалануға тыйым салынады.

## 8. Ақылы қызметтер тізбесі және көрсетілу тәртібі

49. Кәсіпорын мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылмаған және Қамтылған тәрбиеленушілер үшін жұмыс күндері және демалыс күндері білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетеді. Ақылы қызметтерден түскен қаражат мамандарға жалақы есептеуге, құралдар сатып алуға, тиісті даму ортасын құруға жұмсалады.

50. Ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын ай сайынғы төлемнің мөлшері:

1) баланың жасына қарамастан тамақтану шығындарының 100% - ын құрайды;

2) жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша тәрбиеленушілердің тамақтануына жұмсалатын шығыстарды жергілікті бюджеттен толық немесе ішінара өтеуге болады.

51. Кәсіпорынның ата-аналармен келісім бойынша көрсететін қосымша ақылы білім және сауықтыру қызметтері:

1) коммуникативтік-тілдік бағыт – ағылшын, риторика және т.б.;

2) көркем-эстетикалық бағыт – хореография, бейнелеу өнері студиясы және т.б.;

3) дене шынықтыру-сауықтыру бағыты – ритмика, физиоемдеу, логопед, жалпы физикалық даму үйірмесі, түзету гимнастикасы және т.б.

52. Кәсіпорын және ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар арасындағы өзара қатынас баланы бөбекжайға қабылдауда жасалатын шартпен реттеледі. Шартта баланың бөбекжайға келу режимі, тамақтанудың айдағы жоспарлы бағасы және жиілігі, көрсетілетін қосымша білім, сауықтыру қызметтерінің тізбесі мен тәртібі, қосымша ақылы қызметтер, ақы мөлшері мен өзге талаптар белгіленеді.

53. Ақылы қосымша білім беру қызметтерінің құны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісіледі.

## 9. Кәсіпорынды басқару

54. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе коммуналдық мүлікке иелік етуге уәкілетті , жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган уәкілдік етеді;

3) кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын қызметтердің міндетті көлемдерін айқындайды;

4) кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

5) кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

6) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

7) кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

8) кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

9) кәсіпорын мүлкінің пайдалануына және сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

10) кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оның тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді;

11) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

55. Кәсіпорынды мемлекеттік басқаруды осы Жарғының 1 тараудың 5-тармағында көрсетілген мемлекеттік басқару органы жүзеге асырады.

56. Кәсіпорынды басқару органы оның басшысы болып табылады. Педагогикалық және қамқоршылар кеңесі алқалы басқару формалары болып табылады.

57. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

58. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Петропавл қаласы білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Кәсіпорын басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында оның әрекет ету мерзімі, еңбек, демалыс жағдайлары, материалдық қамтамасыз ету, лауазымынан босату негізінен басқа, басшысының құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі белгіленеді.

59. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына Кәсіпорын басшысы дербес жауапты болады.

60. Кәсіпорын басшысы дара басшылық принциптерінде әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленетін өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

61. Басшы:

1) кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасайды және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банк шоттарын ашады;

6) кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және оларды жазаға тартады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзге

көзделмесе;

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық ақылар мөлшерлерін, Кәсіпорын қызметкерлеріне сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы Ережелерді бекітеді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады;

62. Заңнама және осы Жарғының ережелерінен туындайтын өкілеттіліктерден басқа мемлекеттік басқару органы:

1) заңнамаға сәйкес Кәсіпорын басшысы лауазымға тағайындайды және босатады, оның аттестаттауын өткізеді;

2) уәкілетті органға онымен белгіленген мерзімде Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметінің жоспарлы көрсеткіштерінің орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

3) кәсіпорын мүлкінің белгіленуі мен сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

4) кәсіпорынға мемлекет тапсырысын жеткізеді және оның орындалуын бақылайды;

5) кәсіпорын қызметкерлерінің штаттық кестесін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді, еңбекақы төлеу қорының мөлшерін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес белгілейді.

## 10. Кәсіпорын мүлкі

63. Кәсіпорын мүлікті жедел басқару құқығына ие.

64. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорын активтері құрайды.

65. Кәсіпорын мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (үлестер, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

66. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

67. Кәсіпорынның иеленуінде оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметті қамтамасыз ету үшін оған қажетті мүлік қана бар.

68. Жедел басқару құқықтарын иелену және тоқтату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен меншік иесі және өзге де заттық құқықтарды иелену және тоқтатуға көзделген талаптар мен тәртіппен жүзеге асырылады, егер осы жарғымен өзгесі көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе.

69. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудан түскен табыс, сондай-ақ шарттар мен басқа негіздер бойынша кәсіпорын сатып алған мүлік меншік иесі құқығына иелену үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

70. Иесі Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған мүлікке қатысты Кәсіпорынның жедел басқару құқығы мүлікті оның теңгеріміне бекіту сәтінде пайда болады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе иесінің шешімімен өзгесі көзделмесе.

71. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

72. Кәсіпорынның мүлкін жедел басқару құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексімен көзделген негіз және тәртіппен, сондай-ақ осы Жарғымен көзделген жағдайларда тоқтатылады.

73. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Петропавл қаласы білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің келісімі бойынша кәсіпорынан бекітілген мүлікті алып қоюға не оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

74. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

75. Осы Жарғының 63-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаржы басқармасы» келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

76. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі жылжымалы мүлік құралдарына жатпайтын дербес билік етеді.

## 11. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

77. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

78. Кәсіпорын өндіретін және сататын қызметтер бағасын «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Петропавл қаласы білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі белгілейді.

79. Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын қызметтердің белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

## 12. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

80. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

## 13. Кәсіпорынның есебі мен есептілігі

81. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Петропавл қаласы білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі келісімі бойынша ұлттық стандартарттарға сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

82. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігі: бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме хатты қамтиды. Кәсіпорынның қаржылық жылы күнтізбелік жылмен сәйкес.

## 14. Кәсіпорынның жауапкершілігі

83. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшаларға жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Петропавл қаласы білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі субсидиярлық жауапты болады.

## 15. Мемлекеттік мүлік бойынша өкілетті органмен, сәйкес саланың өкілетті органымен, еңбек ұжымымен өзара қарым - қатынас

84. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес белгіленеді.

85. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

86. Мемлекеттік мүлік бойынша өкілетті органмен, сәйкес саланың өкілетті органымен өзара қарым –қатынас келісім - шарттық міндеттемелер арқылы және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес құрылады.

## 16. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

87. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Петропавл қаласы білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі белгілейді.

88. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды. Уақытша жұмысқа жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақылар төлемі мемлекеттік бюджет қражаты есебінен жүргізіледі.

89. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық ақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Петропавл қаласы білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі белгілейді.

## 17. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

90. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату «Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

91. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және таратуды «Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

92. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған мүлікті «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Петропавл қаласы білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджет табысына есептеледі.

## 18. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

93. Коммуналдық Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды «Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі енгізеді немесе облыстық коммуналдық мүлікке иелік етуге уәкілетті, бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган уәкілдік етеді.

**«Солтүстік Қазақстан облысы**
**әкімдігінің білім басқармасы»**
**коммуналдық мемлекеттік мекемесінің**
**«Петропавл қаласы білім бөлімі» коммуналдық**
**мемлекеттік мекемесі**
**«Алпамыс» бөбекжай - бақшасы»**
**мемлекеттік коммуналдық қазыналық**
**кәсіпорнының басшысы**

Рамазанова М.Н. _____
Т.А.Ә. қолы